

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің отырысы
ХАТТАМА №1

Қатонқарағай ауылы

14.01.2026 жыл

Отырыс төрағасы: кәсіпорын директоры м.а. Н. Ахметжанов

Қатысқандар: бөлім басшылары, музей қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Берел мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы комплаенс қызметінің мақсат-міндеттері және 2026 жылға арналған жұмыс жоспары.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комплаенс-қызметінің жауапты өкілі

Ж. Елемесова сөз алды:

Қазіргі таңда мемлекеттік мекемелерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен адалдық қағидаттарын сақтау ерекше маңызға ие. Осы бағытта Берел мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында комплаенс қызметі жүйелі түрде жұмыс атқарады. Комплаенс қызметі – мекеме қызметінде заң талаптарын, ішкі саясат пен этикалық нормаларды сақтау, құқық бұзушылық тәуекелдерін болдырмау және адал корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған құрылым.

1. Комплаенс қызметінің негізгі мақсаттары:

- Музей қызметінде әділдік, ашықтық және заңдылық қағидаттарын орнықтыру;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу және болдырмау;
- Қызметкерлердің этикалық мінез-құлық стандарттарын сақтауын қамтамасыз ету;
- Ішкі бақылау және есептілік жүйесін жетілдіру;
- Адал еңбек және парасаттылық мәдениетін қалыптастыру.

2. Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері:

- Музей қызметінің әр бағыты бойынша тәуекелдерді талдау және мониторинг жүргізу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қызметкерлер арасында комплаенс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқыту жұмыстарын өткізу;
- Мекеменің ішкі нормативтік актілерін заң талаптарына сәйкестендіру;
- Анонимді өтініштер мен шағымдарды қарау тетіктерін енгізу;
- Әр тоқсан сайын комплаенс есептілігін дайындау және талдау.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Берел» мемлекеттік

тарихи – мәдени музей-қорығы» РМҚК-да 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары Музей-қорық директорын Н. Ахметжановтың 2026 жылғы 05 қаңтардағы бұйрығы негізінде бекітілді (Қосымша 1).

4. Қорытынды

Берел музей-қорығының комплаенс қызметі – мекеменің ашық әрі адал жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды тетік. 2026 жылы жоспарланған шаралар арқылы ұжымда парасаттылық мәдениеті, заң талаптарын сақтау және қоғам сенімін арттыру бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізу көзделіп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жоспарын талқылай келе, төмендегі шешімге келді.

Шешім:

1. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыруды жалғастыру.
2. Ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету.

Директордың м.а



Н. Ахметжанов

Комплаенс-қызметінің жауапты өкілі



Ж. Елемесова